

# II МОДУЛЬ. ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ ТАҚЫРЫП: ОТБАСЫ – ШАҒЫН МЕМЛЕКЕТ





# ЛЕКСИКАЛЫҚ МИНИМУМ



**Заңдылық -  
законность**



**Дәстүр -  
традиция**





**Ата-баба дәстүрі –  
древняя традиция  
предков**



**Асыраушы –  
кормилец**





**Үй шаруасы –  
домашнее  
хозяйство**



**Ананың міндеті -  
традиция**




**Ас әзірлеу –  
ГОТОВИТЬ ЕДУ**



**Талап –  
стремление,  
упорство**





**Бағыт –  
направление**




**Білім алу –  
получать знания**




**Мамандық таңдау –  
выбирать профессию**

**Орта – центр,  
середина,  
средний**





**Отбасы мүшесі**  
– член семьи



**Жеке тұлға –**  
отдельная  
личность





**Жауапты –  
ответственный**



**Қаржы мәселесі –  
финансовые проблемы**





**Көмөктөсү –  
помогать**



**Қолдау көрсету –  
оказывать помощь**



- 
- ▣ **1. Отбасындағы әке мен баланың қарым-қатынасы. Сұқбат ойластырыңыз.**



## □ 2.Отбасындағы ананың орны. Ананың жақсы қасиеттерін жазыңыз

---

*Мейірімді*

*Ақылшы*

*Сабырлы*

*Жанашыр*

*Бауырмал*

*Жомарт*



---

□ **3. Қазақ халқының айналу-толғану сөздерін есте сақтаңыз. Ата мен әженің, әке мен шешенің мейірімін көрсететін сөйлем құрастырыңыз.**

□ Айналайын

□ Айым

□ Күнім

□ Жарығым

□ Құлыным

□ Ботам

□ Қошаканым

## □ 4. Топпен жұмыс. Мақал-мәтел сайысы

| 1топ                 |  | 2топ                              |
|----------------------|--|-----------------------------------|
| Әкеге қарап ұл өсер  |    |                                   |
|                      |     | Алыстан алты жасар бала<br>келсе, |
| Қызым саған айтам,   |    |                                   |
|                      |    | Әке көрге оқ жонар                |
| Балалы үй базар.     |    |                                   |
|                      |     | Үлкенге құрмет,                   |
| Ананың көңілі балада |   |                                   |
|                      |  | Балалы үйдің                      |
| Бағамен ел көгерер,  |  |                                   |
|                      |  | Әке – асқар тау                   |



## 5. МӘТІНДІ АУДАРЫҢЫЗ:

Отбасының тірегі – әке-шеше. Әр отбасының өз заңдылығы, дәстүрі болады. Отбасында өсіп келе жатқан ұрпақ ата-бабаларының дәстүрін жалғастырады. Ата-ана бала тәрбиесіне жауапты. Сондықтан әке – отбасының асыраушы. Шеше үй шаруасына көп көңіл бөледі. Ас әзірлеу, дастарқан жасау, балаларына тәрбие беру – ананың міндеті болса, әке балаларына талап қояды, дұрыс бағыт беріп отырады. Ата-ана балалардың білім алуына көмектесіп, мамандық таңдауына ақыл береді. Балалар әке-шешенің тәрбиесімен ортада өзін қалыптастырады. Әр бала – отбасы мүшесі ғана емес, қоғамдағы жеке тұлға. Отбасы мүшелері қаржы мәселесін де бірігіп шешеді. Қаржыны үнемдеп, қажет жағдайда жұмсауда ата-ана көмектеседі.

# СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРІҢІЗ:

- 1). Отбасының тірегі кім?
- 2). Әр отбасында не болады?
- 3). Отбасында өсіп келе жатқан ұрпақ не жалғастырады?
- 4). Ата-ана неге жауапты ?
- 5). Отбасында әке кім?
- 6). Шеше неге көп көңіл бөледі?
- 6). Ана және әкенің қандай міндеті болады?
- 7). Ата-ана неге ақыл береді?
- 8). Балалар қайда өзің қалыптастырады?
- 9). Әр бала отбасында және қоғамда кім болады?
- 10). Отбасы мүшелері қалай қаржы мәселесін шешеді?